

**Астана қаласының Білім басқармасы
«№ 39 кешкі (ауысымды) мектеп» КММ**

Келісілді
№ 1 педагогикалық кеңес
24.08. 2020

Бекітемін
Мектеп директоры
_____Р.Рымбаева

**2020-2023 жылдарға арналған
№ 39 кешкі (ауысымды) мектеп мұғалімдерінің
цифрлық құзыреттілігін арттыру бағдарламасы**



Бағдарлама тақырыбы: "Мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін арттыру"

Білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу, педагогтардың кәсіби құзыреттілік деңгейін арттырмайынша мүмкін емес. Елімізде жүргізіліп жатқан білім беруді жаңғырту, мектептің жаңа моделін қалыптастыру және ұйымдастыру педагогтардың, білім беру ұйымдары басшыларының, білім беру органдары мамандарының кәсіби құзыреттілік деңгейін сапалы түрде арттыруды талап етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы және олардың білім беру саласының барлық бөліктеріне белсенді түрде енгізілуі білім беру кадрларының дайындық деңгейіне елеулі талаптар қояды. Қазіргі мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы кәсіби құзыреттілігі оның педагогикалық құзыреттілігінің құрамдас бөліктерінің біріне айналады.

Мектепте Директордың АКТ ісі жөніндегі орынбасары қашықтықтан оқытуды, оқыту семинарларын ұйымдастыруға ықпал етеді, білім беру сапасын арттыру үшін мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін дамыту және мұғалімдерді аттестацияға дайындауға көмектесу мақсатында семинарлар өткізуге ықпал етеді.

Қазіргі ақпараттық технологиялар мектепті жаңғыртуда ең маңызды құралдардың біріне айналуға, мұғалім мен әкімшіліктің жұмысын жеңілдетеді, оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесінің нақты нәтижелерін көрсетеді.

Мақсаты: Мұғалімдердің АКТ – құзыреттерді қалыптастыру.

Міндеттері:

- мұғалімдердің АКТ құзыреттілігі саласындағы мәселесін зерттеу;
- оқу процесінің ақпараттық ресурстарын жүйелеу, жаңарту және толықтыру;
- оқу үдерісінде ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдануды кеңейту;
- консультативтік-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру жүйесін әзірлеу;
- АКТ қолдану бойынша дидактикалық және әдістемелік материалдар, компьютерлік оқыту бағдарламаларының банкіні құру.

Педагогтармен жұмыс істеу формасы

Әдістемелік жұмыс тәжірибесінде мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бағытталған жұмыстың әртүрлі формалары бар.

Біздің мекеме мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін арттыру үшін келесі формаларды пайдаланады:

1. Педагогикалық шеберлік аптасы;
2. Мастер-класстар;
3. Педагогикалық шеберханалар мен тәлімгерлік;
4. Оқыту семинарлары;
5. Тақырыптық семинарлар.

Біліктілікті арттырудың жалпы мектептік жүйесінде маңызды құрылымдық бөлігі болып төрт негізгі әдістемелік процестің деңгейлік үлгісін қамтиды:

1 Деңгей. Мұғалімдердің жеке әдістемелік жұмысы өзін-өзі кәсіби дамыту және жеке жоспары бойынша үздіксіз өзін-өзі дамытуды болжайды.

2 Деңгей. Пәндік әдістемелік бірлестіктер.

3 деңгей. Ғылыми-әдістемелік кеңес.

4 деңгей. Жалпы мектептік ғылыми-әдістемелік жұмыс барлық мұғалімдер үшін тұрақты әр түрлі оқыту семинарларынан тұратын келесі маңызды рөлді қамтиды:

- Білім берудегі, жаңашылдықтағы, іс-әрекеттердегі негізгі ұғымдар мен тәсілдер бірлігін дамыту, ғылыми-әдістемелік қызметті іздестіру және зерттеу;
- Белсенді пәнаралық байланыс және педагогикалық тәжірибе алмасу;
- Инновациялық қызметтің жобалары мен нәтижелерін ұжымдық талқылау және т.б.

Бағдарламаны орындау механизмі

- АКТ саласындағы біліктілікті арттыру бағдарламасын құру және апробациялау (енгізу);
- Онлайн-оқыту саласындағы инновациялық компания [Bilim Media Group](#)-пен бірлесіп Online мектеп цифрлық білім беру платформасымен желілік өзара әрекеттесу;
- Мектеп айтында «Әдесімелік жұмыс» бөлімін ұйымдастыру және толықтыру;
- Пән мұғалімдеріне әдістемелік мақсатты көмегін көрсету.

Бағдарламаны орындауды жүзеге асыру

Жүзеге асыру мерзімі	Мазмұны	Іс әрекет формалары	Болжам, нәтиже
1. Бірінші кезең- дайындық және жобалау	- Бағдарлама тақырыбы бойынша баспа және интернет көздерін зерттеу; - Мектеп мұғалімдерінің АКТ құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік беретін ресурстық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік жағдайларды анықтау; - Көмектің бағыты мен мазмұнын анықтау және негіздеу; - Мұғалімнің АКТ құзыреттілік тестінің мазмұнын зерделеу (мұғалімдерді аттестациялаудың жаңа түрі).	- Проблемалық топ құру; - Пән мұғалімдерінің проблемалық тобының жұмысы; Сауалнама.	- Проблемалық топ құрылды; -Пән мұғалімдерінің АКТ құзыреттілігі саласындағы мәселелерін зерттеу мақсатында сауалнама әзірленді; - Осы мәселе бойынша мұғалімдер арасында сауалнама жүргізілді • Бағдарламаға енгізу үшін бөлімдер анықталды
2. Екінші кезең- Аналитикалық зерттеу кезеңі	• Мұғалімдер арасында сауалнама нәтижелеріне талдау жүргізу; • әдістемелік көмек көрсету бойынша іс-шаралардың мазмұны мен нысандарын тандау	Сауалнама нәтижесін талдау	Әдістемелік көмек көрсету мәселесі анықталды.
3. Ұйымдастыру кезеңі	• Жоғары кәсіби АКТ мұғалімдерінен	Пән мұғалімдернің отырыс	• Жұмыс тобы құрылды

	жұмыс тобын құру; • «Ақпараттық технологиялар мұғалім жұмысының тәжірибесінде» Бағдарламасын әзірлеу; • Әдістемелік қауымдастығының мүшелері үшін оқыту семинарларын өткізу): - мұғалімдердің өзара әрекеттесу формаларын оқыту; - ДК Бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әдістемелік түсініктемелер.		• Әдістемелік көмек өрсететін мұғалімдер қауымдастығы мүшелерінің ДК бағдарламасын жүзеге асыруға дайындығы қамтамасыз етілді.
4. Практикалық кезең	Бағдарламаның жүзеге асырылу барысын мұғалімдер қауымдастығы мүшелерімен апробациялау.	Бағдарламаның практикалық бөлімін жүзеге асыру	Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін арттырудың жаңа нысаны – мұғалімдер қауымдастығы сыналды
5. Жалпылау және жүзеге асыру кезеңі	Апробация нәтижелері бойынша бағдарламаны пайдалану ұсыныстарына түзетулер енгізу	• Есептік және аналитикалық құжаттарды дайындау; • Бағдарламаны іске асыру тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу; • Бағдарламаны жүзеге асыру.	Пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету жүйесі қалыптастырылды.

Күтілетін нәтижелер:

- АКТ саласында біліктілікті және кадрлық потенциалды арттыру;
 - педагогикалық қызметкерлер жұмысының сапалық көрсеткіштерінің оң өзгерісі және жалпы мектептің қызметі;
 - электрондық әдістемелік әзірлемелер банкін құру;
 - электрондық оқу материалдарын тексеру және талдау әдістерін меңгеру,
- желіні ұйымдастыру әдістері мен әріптестерін АКТ-технологияларын пайдалануды үйрету, пән мұғалімінің АКТ құзыреттілігін кезең-кезеңімен дамыту қамтамасыз етіледі.

